

"Резиденттікті растайтын құжаттың және Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістері және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтаманың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 38 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 22485 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 694 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 12.11.2025 № 694 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Резиденттікті растайтын құжаттың және Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістері және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтаманың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 38 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16322 болып тіркелді, 2018 жылғы 19 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер мен ұсталған (төленген) салықтар туралы есеп нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 2 сәуірдегі
№ 297 Бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы "19" ақпандағы
№ 38 бұйрығына
2-қосымша
нысан

(Бланк)

_____ жылға, _____ тоқсанға, _____ айына Қазақстан Республикасындағы көздерден

алынған кірістері және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтамасы

Certificate on amounts of income received from sources in the Republic of Kazakhstan and

amounts of withheld (paid) taxes for _____, year, _____ quarter, _____ month

Бейрезидент-заңды тұлғаның, не бейрезидент-жеке тұлғаның толық атауы/
Full name of

the non-resident legal entity or non-resident natural person:

Салық төлеушінің санаты/Category of the taxpayer:

Тұрақты мекемесіз қызмет атқаратын бейрезидент-заңды тұлға/non-resident legal entity

without permanent establishment

Тұрақты мекеме арқылы қызмет атқаратын бейрезидент-заңды тұлға/
non-resident legal

entity with permanent establishment

Бейрезидент-жеке тұлға/non-resident natural person _____

Резиденттік елі/Country of residence: _____

Резиденттік еліндегі тіркеу нөмірі/Tax registration number in the country of residence:

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің

аумақтық органының толық атауы) пайдаға (табысқа) төленген салықты растайды/өзге

салық салу объектісінің қорытынды сомасы: _____

(Full name of the territorial authority of State Revenue Committee of the Ministry of Finance

of the Republic of Kazakhstan) certifies that the tax on profits (income)/other subject of

taxation has been paid in the total amount of: _____

Валюта коды/Currency code

| Табыс түрі Type of income | Табыс сомасы Amount of income | Салық атауы/ Name of tax | С а л ы қ мөлшерлемесі Tax rate | Ұстап қалған салық сомасы Amount of tax withheld | Төленген салық сомасы Amount of tax paid |
|---------------------------|-------------------------------|--------------------------|---------------------------------|--|--|
| | | | Қорытынды сомасы Total amount | | |

Мемлекеттік кірістер органының

басшысы (басшының орынбасары) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/

Head (deputy head) of state revenue authority (Name, Surname, Middle name if it is available

_____/

Мөр/Seal